Бекітемін:
Меңгеруші: Шалабаева Ж.С.
Білім беру ұйымы: Милы бастауыш білім беретін мектебі

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

*Жоспардың құрылу кезеңі : 02 - 06 желтоқсан. 2024-2025ж*

**Желтоқсан** – «Бірлік және ынтымақ» айы
**Апта дәйексөздері: «Бірлігі күшті ел озады»**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 02.12 | Сейсенбі 03.12 | Сәрсенбі 04.12 | Бейсенбі 05.12 | Жұма 06.12 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **«Күй күмбірі» – «Алатау»** Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу | **«Күй күмбірі» – «Алатау»** Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу | **«Күй күмбірі» – «Алатау»** Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу | **«Күй күмбірі» – «Алатау»** Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу | **«Күй күмбірі» – «Алатау»** Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Отбасында қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес | Мектпете қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес | Отбасында қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес | Мектпете қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес | Келген балалардың ата-аналарымен үй режимін сақтау туралы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)** | **«Табиғат мінезі»** **Сюжеттік ойындар: «Сиқырлы фломастер»** еркін сурет салу. **Не артық?** **Мақсаты:** Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. **«Табиғат мінезі»** жаттығуы(*айналаңыздағы* | **Еркін сурет салу қызметі-трафаретпен сурет салу** **Мақсаты:** трафареттерді қолдана отырып, сурет салуды үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сурет салу-шығармашылық қызмет)** | **Ойын– жаттығу:** «Туған жер табиғатын қорғау керек пе, әлде жоқ па?» әңгімелесу, сұрақ жауап **Ойын:«Жер шары»** Фотосуреттер қарау. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю. **(коммуникативтік, танымдық қызмет)** | **"Көңілді фигуралар" дидактикалық ойыны** Мақсаты: геометриялық фигуралар туралы білімді бекіту, заттардың пішінін белгілі геометриялық фигуралармен байланыстыру қабілетін қалыптастыру. **(математика негіздері – танымдық және коммуникативтік қызмет)** | **Үстел үсті театр ойыны:** «Өлі табиғат құбылыстары» тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. **(коммуникативтік, танымдық қызмет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *және коммуникативті іс-әрекет*) | | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Картотека № 1**<br>І. Бір сапқа тұру, саппен жүріп және<br>жүгіру. Педагогтың бұйрығы бойынша тоқтау. Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру,<br>қолды белге қойып өкшемен жүру.<br>ІІ. 1.Б.қ. Тік тұру,қол белде. Қолды желкеге қойып басымызды артқа шалқайту, оң аяқты артқа аяқ ұшымен қою.Орнына келу.<br>Сол аяқпен қайталау. 5-6 рет.<br>2. Б.қ. Аяқ алшақ,қол белде. Оңға бұрылу,оң қолды жанға созу.<br>Орнына келу,сол жаққа келу. 6 рет<br>3. Б.қ. Тізеге тұру,қол екі жанда. Оң аяқпен алға қою,пружинше қозғалу. Орнына келу,сол аяқпен қайталау. 5-6 рет.<br>4. Б.қ. Тізеге тұру, қол белде. Бір,екі оң жақ жанбасқа отыру,<br>қолды алға созу. Үш,төрт орнына келу. Сол жаққа қайталау.6 рет<br>5. Б.қ. Тік тұру, қол екі жанда,қос аяқтап секіру. 4 – 5 рет<br>Тыныс алу жаттығулары. | **Картотека № 2**<br>І. Бір сапқа тұру, саппен жүріп және жүгіру. Педагогтың бұйрығы бойынша тоқтау. Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру,<br>қолды белге қойып өкшемен жүру.<br>ІІ. 1.Б.қ. Тік тұру,қол белде. Қолды желкеге қойып басымызды артқа шалқайту, оң аяқты артқа аяқ ұшымен қою.Орнына келу.<br>Сол аяқпен қайталау. 5-6 рет.<br>2. Б.қ. Аяқ алшақ,қол белде. Оңға бұрылу,оң қолды жанға созу.<br>Орнына келу,сол жаққа келу. 6 рет<br>3. Б.қ. Тізеге тұру,қол екі жанда. Оң аяқпен алға қою,пружинше қозғалу. Орнына келу,сол аяқпен қайталау. 5-6 рет.<br>4. Б.қ. Тізеге тұру, қол белде. Бір,екі оң жақ жанбасқа отыру,<br>қолды алға созу.<br>Үш,төрт орнына келу. Сол жаққа қайталау.6 рет<br>5. Б.қ. Тік тұру, қол екі | **Картотека № 3**<br>І. Бір саппен жүру, жүгіру. Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, қолды белге қойып өкшемен жүру. Үш топқа бөліну.<br>ІІ. 1. Б.қ. Тік тұру, қол белде. Оң жаққа аттау, қолды екі жанмен жоғары көтеру. Орнына келу, сол жаққа қайталау. 5 – 6 рет<br>2. Б.қ. Аяқ алшақ, қол белде. Оңға иілу, сол қолды желкеге қою.<br>Орнына келу, сол жаққа қайталау. 5 – 6 рет<br>3. Б.қ. Тік тұру, қол белде. Бір,екі отыру,қолды алға созу.<br>Үш, төрт орнына келу.5-6 рет<br>4. Б.қ. Отыру, аяқ бірге,қол артта тіреулі. Аяқты алға тіке созу «бұрыш». Орнына келу. 5 – 6 рет<br>5. Б.қ. Шалқасына жату,қол желкеде. Оң аяқты тіке көтеру, оң қолмен аяқ ұшына тигізу,орнына келу.<br>Сол аяқпен қайталау. 5 – 6 рет.<br>6. Б.қ. Тік тұру, қол белде. 1 – 3 сол аяқ, 4 – 6 оң жақ аяқпен секіру.<br>ІІІ. Тыныс алу | **Картотека № 4**<br>І. Бір саппен тұру. Денені тік ұстау. Аяқтың ұшымен жүру,<br>қол<br>жоғарыда.Өкшемен жүру, қол белде. Жүгіру.Үш топқа бөлініп тұру.<br>ІІ 1. Б.қ. Тік тұру, қол белде.Қолды екі жанынан жоғары көтеру.<br>Созылу,орнына келу. 5рет.<br>2. Б.қ. Аяқ иық деңгейінде. Қол артта.1 – қол екі жаққа созу,<br>2 – оңға иілу, қолды жоғары созу. 3 – тік тұру, қолды екі жаққа созу. 4 – орнына келу. Сол жаққа қайталау 4 –5 рет.<br>3.Б.қ қолымызды алдымызға ұстап қайшылаймыз 4 – 5 рет<br>4. Б.қ. Аяқ алшақ,қолды екі жаққа созу. Бір,екі терең отырып,тізені құшақтау,басты түсіру.үш,төрт орнына келу.5-6<br>5. Б.қ аяғымыз сәл | **Картотека № 5**<br>І.Сапта екі – екіден жүру. Денені тік ұстау. Тәрбиешінің белгісі бойынша «тырна» дегенде бір аяқты жоғары көтеріп тұру. «Қоян» дегенде, қос аяқтап алға секіру. Жүгіру, үш сапқа тұру.<br>ІІ 1. Б.қ. Аяқ алшақ,кубик оң қо<br>лда. 1 – қолды екі жаққа созу. 2 – қол алға, кубикті сол қолға ауыстыру. 3 – қолды екі жаққа созу. 4- орнына келу. 5 рет.<br>2. Б.қ. Аяқ алшақ, кубик оң қолда.1 – алға еңкею, кубикті аяқ арасына қою. 2 – орнына келу,қол белде,3-алға еңкейіп кубикті сол қолмен алу, 4-орнына келу. 5-6 рет<br>3. Б.қ.. Аяқ алшақ,кубик оң қолда,кубик түсірулі, 1 – отыру, қолды алға созып,сол қолға кубикті ауыстыру. 2 – тұру.<br>Сол қолмен қайталау. 5 – 6 рет.<br>4. Б.қ. Аяқ алшақ, кубик оң қолда.1- қолды екі жанға созу.2-қол артта,кубикті сол қолға ауыстыру.3-қолды екі жанға созу.4-орнынан келу. 5-6 рет.<br>5. Б.қ. Аяқ алшақ,кубикті еденге қою,айналып секіру. 5-6 рет.<br>ІІІ. Саппен жәй<br>жүру. Қолымызды екі жанға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | III. Жэй жүріп аузын ашып демалып, мұрынмен шығару.<br>Уф-уф-уф | жанда,қос аяқтап секіру. 4 – 5 рет<br>Тыныс алу жаттығулары.<br>III. Жэй жүріп аузын ашып демалып, мұрынмен шығару.<br>Уф-уф-уф | жаттығулары<br>Жэй жүру. Тыныс алу жаттығулары үлкен болып өсеміз қолды жоғары созып,демді ішке алып, уф деп сыртқа шығару. | ашамыз оң қолымызды сол аяққа тигіземіз, сол қолымызды оң жаққа тигіземіз б.қ келу 5-6 рет<br>6.Б.қ. Тік тұру ,қол белде. Орнында қос аяқтап секіру. 7-8 рет<br>III. Бір саппен жүріп, терең демалу.<br>«Шар үру» уф – уф – уф | созып,терең демалып жоғары көтеріп демді шығарып төмен түсіру.<br>Уф-уф-уф |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | **«Сиқырлы қапшық»**<br>Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.<br>**(математика негіздері – ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет)** | **«Затты сипатта»**<br>***Мақсаты:***заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.<br>***(танымдық және коммуникативті іс-әрекет)*** | **"Не артық?**<br>**Мақсаты:** Балаларға ұқсас заттарды тауып, артық затты табуға үйрету.<br>**Нұсқаулық:** Педагог бірнеше заттарды көрсетіп, олардан біреуі басқа заттардан айырмашылығы бар екенін айтады (мысалы, «қалам», «көпіршік», «кітап» — «кітап» артық, себебі ол қатты зат). | **Саусақ гимнастикасы "Сиқырлы текше"**<br>**Мақсаты:** логикалықойлау қабілетін, шапшаңдығын, ептілігін дамыту және балаларға заттарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыруға үйрету<br>**(математика негіздері – ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет)** | **"Қуыршақтың сөйлесуі"**<br>**Мақсаты**: Тіл дамыту арқылы сөйлеу дағдыларын жақсарту.<br>Нұсқаулық: Балалар қуыршақты немесе ойыншықтарды қолына алып, онымен әңгіме жүргізеді. Бұл жаттығу сөйлеу қарым-қатынасын қалыптастырады.<br>**(сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативті іс-әрекет)** |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **<u>Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Алғашқы қар**<br>Балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту, алғашқы қар туралы әңгімелер құрастыру арқылы сөздік қорын байыту және ойларын дұрыс жеткізе білу | **<u>Сауат ашу негіздері</u>**<br>**Дыбыстық талдау -**<br>**Мақсаты**: Сөздерге дыбыстық талдау жасатуды жалғастыру.<br>**Міндеті:**Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және | **<u>Математика негіздері</u>**<br>**Шар.Текше.Цилиндр**<br>**Мақсаты:** геометриялық денелерді текше, шар, цилиндр тануға және атауға үйрету<br>Міндеті:Денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. | **<u>Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Менің Отаным**<br>**Мақсаты:** Заттар мен табиғат құбылыстарын сипаттауда сын есімдер мен үстеулерді қолдануға үйрету. | **<u>Қоршаған ортамен</u> таныстыру**<br>Қазақстанның байлықтары мен жетістіктері<br>**Мақсаты**:<br>Қазақстан жерінің байлықтарымен,жетістіктерімен таныстыруды жалғастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыларын қалыптастыру.<br>**Мақсаты:**<br>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.<br>**Ойын:"Қар түскенде не көрдің?"**<br>Бұл ойын балаларға алғашқы қар туралы әңгіме құрастыруға мүмкіндік береді.<br>**Құралдар**: Жылдың төрт мезгілін бейнелейтін суреттер немесе карточкалар.<br>**Ойынның ережесі:**<br>Балаларға "Қар түскенде не көрдің?" деп сұрау қойылады. Олар осы сұраққа жауап ретінде өздерінің көру тәжірибесіне сүйене отырып, шағын әңгіме құрастырады.<br>**Д/о:"Қармен ойнау"**<br>Бұл ойын балалардың логикалық ойлауын дамытуға бағытталған.<br>**Құралдар:** Қардың суреттері, қармен ойын жағдайын сипаттайтын карточкалар. | дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>**«Артығын тап»** ойынын педагог балалармен ұйымдастырады.<br>1. Бас, қол, көз, қас, тас. (тас)<br>2. Алма, алмұрт, шие, бие. (бие)<br>3. Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус. (фокус)<br>4. Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз, жүзім. (жүзім)<br>5. Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (терезе<br>**«Тізбекті жалғастыр» дидактикалық жаттығуы**<br>– Балалар, мен бір сөз айтып, допты біреуіне беремін, мен айтқан сөз қандай дыбыспен аяқталса, ол сол дыбыстан басталатын сөз ойлап айтады да, келесі балаға допты береді. Мысалы: қала – алмұрт – тарақ – қымыз – зәкір – рауғаш<br>**Қоршаған ортамен** | Жазық фигура мен көлемді фигура<br>**«Затты тап» ойыны**<br>Балалар санамақ санау арқылы топқа бөлінеді. Педагог жиынтықтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, оларға қандай заттар ұқсас екенін сұрайды (пішіні бірдей). Топтарда тақырыптар талқыланады және аталады<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**Ойын жаттығуы.**<br>**«Фигураларды топқа бөл».** Тапсырманы түсіндіреді: «Фигураларды екі белгіге қарап, топқа бөл: пішіні және түсіне қара». Педагог әр топқа пішін мен түс бар карточканы көрсетеді. р топ фигураларды өз белгісі бойынша таңдайды және оларды біріктіреді. Балалар фигураларды талдайды, салыстырады<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Дыбыстық талдау** -<br>Мақсаты: Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру.<br>**Міндеті**:Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды | **Міндеті:**<br>Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.<br>**Ойын 1: "Отанымның табиғаты"**<br><br>Ойынның барысы: Суреттер мен заттарды қолдану: Балаларға Отанның табиғатынан (таулар, өзендер, ормандар, көк аспан, алаңқайлар) суреттер көрсетіледі.<br>Әр сурет бойынша балалар табиғат құбылыстарын сипаттап, сын есімдер мен үстеулерді қолданады.<br>Сұрақтар қою: "Бұл қандай жер?", "Мұнда қандай өсімдіктер өседі?", "Бұл жерде қандай ауа райы?" | **Міндеті:**Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының маңыздылығын түсіну Қазақстан туралы екенін айтады.<br>Педагог өлең оқиды<br>Үлкен орман, шөлдері<br>Елді десем, табындар! Үлкен өзен, көлдері<br>Бұл – менің Отаным...<br>Пайдалы қазба – жер астынан қазылып алынатын кен туралы әгімелесу.<br>**«Эксперимент әдісі»**<br>**Мақсаты:** тұз, құм, темір пен көмірді зерттеп көру Ыдыстағы суға көмірді салып, судың қара түске боялғанын көреді, көмір қатты болғанымен үгітілгіш екенін байқайды, тұзды салса еріп, су бұлыңғыр түске айналғанын , бор да үгілгіш екенін, тақтаға жазып, із қалдыратынын, құм сусылдақ, суға салса ерімейтінін анықтайды. Темірге магнит жақындатса, жабысатыны туралы айтады<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Дыбыстық талдау**<br>**Мақсаты:** Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату.<br>**Міндеті:**Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойынның ережесі**: Балаларға қармен ойнау туралы карточкалар беріледі. Әр карточкада қармен байланысты іс-әрекеттер немесе көріністер жазылған болады (мысалы, "Қарды лақтырып ойнау", "Қармен тұратын адам", "Қарды мүсін жасау"). Балаларға осы карточкалар бойынша шағын әңгімелер құрастыру ұсынылады. Әр бала кезекпен карточканы таңдап, оның мазмұны бойынша әңгіме айтып береді.<br>**Математика негіздері**<br>**Шар.Текше.ЦилиндрМ**<br>**Мақсаты:** геометриялық денелерді текше, шар, цилиндр тануға және атауға үйрету<br>Міндеті:Денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.<br>**Топтық жұмыс**<br>Балалар санамақтың көмегімен топтарға бөлінеді. р топқа фигура таратылады. Педагог оларды зерттеп, анықтап карауды, көлемді фигураларды қолмен | **танысу**<br>Арнайы көліктер.<br>**Мақсаты:** Көлік түрлерімен таныстыруды жалғастырып, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру.<br>Міндеті:Жүк және жолаушы көліктері.Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну<br>**1. "Көлік құралдарын тап!"**<br>**Мақсаты**: Балаларды әртүрлі көлік құралдарымен таныстыру, олардың жұмыс істеу принципін түсіндіру, көліктерді ажыратуға үйрету.<br>Ойын барысы: Балалар шеңберге тұрып, әртүрлі көлік құралдарының суреттері немесе ойыншықтары қойылады. Мұғалім әртүрлі көліктердің сипаттамасын айтады | анықтау<br>**«Жалауша» дидактикалық ойын-жаттығуы**<br>Педагог дыбыстарды айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**«Кім көп сөз ойлап айтады» дидактикалық ойыны**<br>– Н дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар.<br>– Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, нақ, неліктен. Қолдарын шапалақтап, сөздерді буынға бөледі, сонан соң буындары ретімен айтады.<br>– Р дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар.<br>– Радио, раушан, рас, рет, резеңке, рең.<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Жантөре мен аққоян**<br>Әңгімені жалғастырып айтуға жетелеу. Сөздік қорын | Балалар сипаттама жасайды.<br>**Ойын 2: "Менің Отанымның мәдениеті мен тарихы"**<br>Мақсаты: Сюжеттік суреттер арқылы Отанымыздың мәдениеті мен тарихи нысандарын сипаттауға дағдыландыру.<br>Ойынның барысы: Сюжеттік суреттерді қолдану: Балаларға Отанымыздың мәдени және тарихи орындары (елорда, ескерткіштер, ұлттық киімдер, мерекелер) туралы суреттер көрсетіледі.<br>**Математика негіздері**<br>Жазық фигура мен көлемді фигура<br>**Мақсаты:**<br>**Міндеті:** (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. | анықтау<br>*«Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» дидактикалық жаттығуы*<br>Педагог балаларға суреттер көрсетеді, балалар сол суреттің мағынасына келетін, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер жалғаулары керек.<br>Мысалы: *қызанақ ... (қызыл), қияр ... (жасыл), балмұздақ ... (тәтті) т.б.*<br>*«Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы*<br>– Балалар, мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын, сендер буынды қосып, сөзді айтасыңдар.<br>Мысалы: *кү...шік, көбе...лек, ба...нан, алжап...қыш,*<br>**Сурет салу/**<br>**Ормандағы қоян**<br>**Мақсаты:**Қоянның бейнесін,мүсінін жасауды ,жапсыруды үйрену.<br>**Әңгімелесу:** "Қоянды орманда көргендерің бар ма? Ол қалай қашады? Ол не жейді? Қоянның ормандағы өмірі туралы не білесіңдер?" деп сұрау арқылы балалардың бұрыннан бар білімін тыңдап, шығармашылыққа бағыттау. Осы мотивациялық кезең арқылы балалардың назарын тақырыпқа аударып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұстап көруді сұрайды. Фигуралардан сарай тұрғызуды ұсынады және оның кандай фигуралардан құрастырылғанын айтып беруді сұрайды.<br>**«Неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны**. Педагог текше, шар, цилиндр фигуралы пішіндес заттарды бейнелейтін суреттерді карап шығуды ұсынады.<br>– Шар неге ұқсайды? (Қарбыз, доп, глобус.)<br>– Цилиндр неге ұқсайды? (Стакан, саптаяқ.)<br>– Текше неге ұқсайды? (Текше, сыйлық корабы.)<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**<u>Қазақ тілі</u>**<br>**Қыс**<br>**Мақсаты:**<br>**Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту. Таза дикция мен тыныс алуды жақсарту. Қыс мезгілі туралы сөздерді меңгерту.**<br>**Міндеті:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, казақ тіліне тән | (мысалы, "Бұл көлік үлкен жүк тасиды", "Бұл автобус адамдарды тасымалдайды", "Бұл көлік жолды қазуға арналған").<br>Балалар осы сипаттамаға сәйкес көліктерді табуы керек.<br>Ойын барысында мұғалім әр көлік түрінің ерекшеліктері мен қолданылу аймағы туралы әңгімелейді.<br>Ойынның соңында балаларға әр көліктің маңызы мен қажеттілігі жайлы сұрақтар қойылып, олар өз ойларын жеткізуге шақырылады.<br>**2. "Көлікпен саяхат"**<br>**Мақсаты**: Балаларға көліктердің түрлерін таныстыру, олардың қозғалысымен таныстыру, жол ережелерін үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар екі топқа бөлінеді: бір топ көлік құралдары болып, екінші топ – жолаушылар. | байыту.<br>Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау<br>Бағдат Мәжитовтың «Жантөре мен ақ қоян» деген қызықты әңгімесін оқу<br>Сұрақ-жауап ойыны(доппен)<br>– Әңгіме қалай аталады? Жантөре қардан не жасағысы келді?<br>– Жантөре досы екеуі нені көрді? Жантөре досына не айтты?<br>– Қардың арасынан ақ қоянды көргенде Жантөре не деді?<br>– Қоянды не үшін жібере салды?<br>**<u>Дене тәрбиесі</u>**<br>**Ұлттық қимылды ойындарды**<br>**Мақсаты:**Балаларға ұлттық қимылды ойындар арқылы дене шынықтыру дағдыларын қалыптастыру<br>**Міндеті:**Ынта мен шығармашылық таныта | **«Пішіндес заттарды тап» ойын жаттығуы.**<br>Жұптық ойын.<br>Үстелдің үстінде фигуралар жиынтығы бар конверттер қойылған: шеңбер, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш. конверттен кез-келген фигураны алады, оны атайды. Ал екінші бала қоршаған ортада кездесетін осындай пішінді заттарды тауып айтады. Содан кейін балалар рөлдерімен ауысады..<br>**Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма**. Текше мен шаршыны қолыңа ал. Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргізу<br>**<u>Қазақ тілі</u>**<br>**Қыстауда**<br>**Мақсаты: •**<br>Қыстау, қора, жайлау, жем, астау, соғым, сыбаға сияқты сөздерді түсініп, дұрыс айту дағдыларын дамыту.<br>• Мал өсіру мен ауыл шаруашылығы туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Міндеті:мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау,** | олардың ойлау қабілеттерін, қызығушылықтарын дамыту мақсатында орман мен қоянның өміріне қатысты сұрақтар мен тапсырмалар беріледі. **Міндеті:** Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.<br><br>**<u>Жапсыру</u>**/ Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.<br>**<u>Мүсіндеу</u>**/ Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау<br>**<u>Құрастыру</u>**<br>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру<br>**Ойын 1: «Қысқы дыбыстар»**<br>**Мақсаты:** Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.<br>**Өткізілу барысы:**<br>Алдын ала дайындық: Мұғалім балаларға қыс мезгілі туралы айтып, қысқы заттарды көрсету. Мысалы, қар, шана, мұз, таулар, бүркіт және т.б. туралы сөздер айтылады.<br>Дыбыстарды анықтау: Қыс мезгіліне қатысты сөздер арасында ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын кездестіру.<br>Мұғалім балаларға әр дыбысты нақты әрі анық айтуға көмектеседі. Мысалы, «құйрық», «қар», «шана», «мұз» сөздеріндегі қ, ү, ә, һ дыбыстарын айтуға назар аудару.<br>**Жұптық жаттығу:**<br>Балалар жұптаса отырып, қыс туралы сөздерді айтуға жаттығады, содан кейін мұғалім олардың дыбыстарды дұрыс | "Жол" белгіленген алаңда жүру ережелері түсіндіріледі: "қызыл түс – тоқтау", "жасыл түс – жүру" және т.б.<br>Көліктер жолаушыларды белгілі бір бағытқа апару керек. Олар белгілі бір көлік түрін таңдауы керек. Жолаушылар көліктерге отырғызылады және жол ережелерін сақтай отырып, көлік құралдары қозғалады.<br>Ойын кезінде көліктердің әр түрі арнайы тапсырмаларды орындап жүреді (мысалы, автобус балаларды апарады, жүк көлігі тасымалдауды орындайды).<br>Ойын соңында жол ережелерін сақтаудың маңыздылығы мен көшеде қауіпсіз жүрудің қажеттілігі туралы әңгіме жүргізіледі.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қыс**<br>Өлеңдерді жатқа, | отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>**Ойын: "Асық ату"**<br>**Мақсаты:** Балалардың ұлттық ойындарға қызығушылығын арттыру, ойлау және дәлдік дағдыларын дамыту.<br>Құралдар: Асықтар, белгіленген аймақ немесе нысан.<br>**Ойынның ережесі**:<br>Балалар екі топқа бөлініп, асықтарды белгіленген нысанға ату керек.<br>Әр бала кезекпен асық атып, оны белгіленген жерге түсіруге тырысады. Бұл ойын балалардың дәлдік, ұтқырлық, ойлау қабілеттерін және ынтымақтастыққа деген қызығушылығын арттырады. | **жем, астау, соғым, сыбаға),**<br>Ойын 1: «Қыстау мен жайлау»<br>Мақсаты: Қыстау мен жайлау, қора, жем, астау сөздерін таныстыру, дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру.<br>**Алдын ала түсіндіру**:<br>Мұғалім балаларға мал өсіру туралы әңгіме айтып, қыстау мен жайлау ұғымдарын түсіндіреді.<br>Балаларға қыстау дегеніміз не, жайлау мен қораның айырмашылығы, соғым мен сыбағаның мағынасы туралы сұрақтар қойылады.<br>Қыстау – қыста малды ұстайтын жер.<br>Қора – малға арналған үй.<br>Жайлау – жазда малды өрістететін жер.<br>Жем – малға арналған азық (сена, түйіршік және т.б.).<br>Астау – жем салатын | Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту<br>**Дене тәрбиесі**<br>Гигиена<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға қоғамдық орындардағы гигиена ережелерін түсіндіру;<br>**Міндеті:**Қоғамдықорындардаги гиенаережелерінсақтаудағдыла рынқалыптастыру.<br><br>**Ойын 1: «Таза қала»**<br>**Мақсаты:** Қоғамдық орындарда тазалықты сақтау және тәртіпті болу туралы түсінік беру.<br>**Қажетті құралдар:** Үлкен қағаз беті, түрлі-түсті маркерлер немесе бояулар, қағаздан қиылған әртүрлі заттар (қоқыс, қалдықтар, жол белгілері, қоқыс жәшіктері және т.б.).<br>**Өткізілу барысы:**<br>1.Балаларға таза қала мен ластанған қаланың суреттерін салыңыз. Таза қалада қандай көріністер болатыны туралы айтып, балаларды ойландыру керек (таза көше, қоқыс жәшіктері, гүлдер, таза ауа және т.б.).<br>2.Балалардан қоғамдық орындарда тазалықты сақтау үшін қандай ережелер бар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтуын тексереді.<br>Тапсырма: Мұғалім әр суретті балаларға көрсетіп, олардан осы суретке қатысты сөздерді айтуын сұрайды. Балалар сол сөздерді дұрыс айтуға тырысады, мұғалім олардың айтылуын тексереді. Мысалы:<br>«Қар» сөзіне «қ» дыбысын анық айту.<br>«Шана» сөзіне «ш» дыбысын, «а» дыбысын айқындау.<br>«Құйрық» сөзіндегі «қ» және «ұ» дыбыстарын айқындау.<br>__Дене тәрбиесі__<br>**Секіру**<br>Мақсаты:<br>Балалардың секіру дағдыларын дамыту, дене қозғалыстарының үйлесімділігін арттыру, баланс пен координацияны жетілдіру.<br>**Міндеті:**Алға айналдыраотырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыраотырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктенсекіру,20 сантиметрдейінгібиіктіктік ке секіру.<br>**1. "Арқанмен секіру"**<br>Бұл ойын балалардың | мәнерлеп, интонациямен айту..<br>**Мнемокест арқылы «Қыс» өлеңін жаттау**<br>**Тіл ұстарту жаттығуы**:<br>Ыс-ыс-ыс – келіп жетті қыс.<br>**Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?»** (ойлау қабілетін дамыту)<br>Шарты: қыста киетін қыздар мен ұлдардың киім түрлерін іріктейді. Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>Яз-яз-яз – сақылдаған сары аяз.<br>__**Музыка**__<br>«Бақытты балалық» әні: Ә.Бейсеов, сөзі: Ә.Дүйсеков<br>**Мақсаты**: Би қимылдары мен музыканы үйлестіре отырып, балаларды шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Міндеті:**Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; | | ыдыс.<br>Соғым – қысқы мезгілде сойылатын мал.<br>Сыбаға – соғым кезінде еттің бөлінуі.<br>**Ойын: «Қыстау мен жайлау табу»**<br>Мұғалім балаларға карточкаларды көрсетіп, онда жазылған сөздерге сәйкес суреттерді таптыруға тырысады. Мысалы, «Қыстауда қандай нәрселер болады?» деген сұраққа «қора», «жем», «астау», «соғым» деп жауап беру керек.<br>**Музыка**<br>«Бақытты балалық» әні: Ә.Бейсеов, сөзі: Ә.Дүйсеков<br>Мақсаты: Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту, ән мәтініне сәйкес би қимылдарын орындау, шығармашылық тапсырмалар арқылы балалардың өзін-өзі көрсетуін ынталандыру.<br>Міндеті: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын | екенін сұраңыз. Олар ұсынған идеяларды қағаз бетіне жазыңыз.<br>3.Балаларға ластанған қаланың суретін көрсете отырып, олардан қоқыстарды қалай жинау керек екенін, қоқыс жәшіктеріне қоқыстарды қалай салу керектігін түсіндіріңіз.<br>4.Балалар әртүрлі заттарды (қоқыс, қоқыс жәшіктері, гүлдер, т.б.) қағаз бетіне орналастырып, «Таза қала» жасауы керек.<br>**Ойын 2: «Гигиеналық ережелерді орындау»**<br>**Мақсаты:** Қоғамдық орындарда гигиеналық ережелерді сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br>• Балаларға гигиеналық ережелерді көрсету үшін бірнеше бейнемазмұн немесе картиналар пайдаланыңыз. Мысалы, баланың қоғамдық жерде қол жуғаны, қоқысқа қоқыс тастағаны, гүлді суарғаны сияқты әрекеттерді көрсетіңіз.<br>• Балаларға осындай жағдайларды талқылап, оларды орындауды сұраңыз: «Егер сен дүкенде болсаң, қолыңды қалай жуу керек?», «Қоқыс жәшігін қайда тастау керек?» деген сұрақтарды қойыңыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіру техникасын және үйлесімділігін дамытады.<br>**Құралдар**: Қысқа және ұзын секіргіштер.<br>**Ойынның ережесі:**<br>Оқушылар екі түрлі секіргішті пайдалана отырып, секіруге қатысады.<br>Бірінші кезекте балаларға секіргішті қолымен айналдырып, оның астынан секіруге тапсырма беріледі. Әр бала кезекпен секіріп, ойын кезінде дұрыс координация жасап, секіргіштің астынан қауіпсіз өтуді үйренеді. Бұл жаттығу балалардың қимыл үйлесімділігі мен секіру жылдамдығын арттырады.<br>**2. "Сызықтан секіру"**<br>Бұл ойын балалардың оң және сол аяқтарын алмастыра отырып, секіру дағдыларын дамытады.<br>**Құралдар:** Жерге тартылған сызықтар немесе арқан.<br>**Ойынның ережесі:**<br>Балалар сызықтан немесе арқаннан оң және сол аяғымен секіріп өтулері керек.<br>Тапсырма ретінде әр бала сызық арқылы немесе арқанның үстінен әр аяғын кезек-кезек қойып секіруді орындайды.<br>Бұл ойын балалардың тепе- | шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Мақсаты:** Мәтінге сәйкес әнді сахналау арқылы балалардың сахналық қабілеттерін дамыту.<br>**Құралдар**: «Бақытты балалық» әнінің әуені, сахна декорациясы (қажет болса).<br>**Ойынның ережесі:**<br>Балалар әннің мәтініне сәйкес сахналық қойылымды орындап көреді. Әннің сөздері мен әуенін балаларға таныстырып, оларды сахналау үшін өз рөлдерін таңдап алуға шақырамыз.<br>Әннің сөздеріне сай қол қимылдары, дене қозғалыстары және бет-әлпет арқылы эмоцияларды білдіруді үйретеміз.<br>Балалар әнді орындап, сахнада өз эмоцияларын көрсетіп, музыкалық шығармашылықта белсенділік танытады.<br>Бұл ойын балалардың сахналық шеберліктерін және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. | | шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>Ойын 1: «Әнмен би билеу»<br>Мақсаты: Балаларға әннің мәтініне сәйкес би қимылдарын орындау арқылы музыкалық сезімталдықты дамыту.<br>Ойынның барысы:<br>Әнді тыңдау: Балалар «Бақытты балалық» әнін тыңдайды. Әннің музыкасының сипатына назар аудару қажет: әуеннің көңілді, қуанышты екендігін аңғаруға тырысу.<br>Қимылдарды көрсету: Мұғалім әннің әр бөлігіне сәйкес би қимылдарын көрсетеді. Әр қимыл әннің мәтініне және музыкасына сәйкес келеді. | • Балаларға осы гигиеналық дағдыларды орындауға мүмкіндік беріңіз. Олар «қол жуу», «қоқыс жинау», «қоғамдық орындарда тазалық сақтау» секілді тапсырмаларды орындап, сабақ соңында гигиеналық дағдыларды тексеру үшін қысқаша сұхбат өткізіңіз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | теңдікті сақтап, әртүрлі секіру қимылдарын дұрыс жасауға дағдыландырады. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **«Үнемді тұтыну»**<br>Суды үнемдеу<br>Неге суды үнемдеу маңызды?<br>Су — тіршіліктің негізі. Біз оны үнемдеп пайдалану арқылы табиғатқа көмек көрсетеміз. Сонымен қатар, судың тапшылығы мәселесі бүкіл әлемде маңызды болып тұр.<br>Үнемді су пайдаланудың қарапайым жолдарын апта бойы түсіндіру | **«Үнемді тұтыну»**<br>Құбырларды, крандарды тексеріп отырыңыз. Құбырларда немесе крандарда ағып жатқан су табиғатқа зиян келтіреді. Бұған жол бермей, ағып кеткен суды тез арада жою керек. | **«Үнемді тұтыну»**<br>Шыны немесе стаканмен су ішу. Шүмектен су ішпе | **«Үнемді тұтыну»**<br>Жуыну кезінде суды үнемдеу. Душ қабылдағанда суды ағызып қоймай, қажет мөлшерде ғана пайдалану | **«Үнемді тұтыну»**<br>Су толтырылған ыдыстарды қайта қолдану. Су өсімдіктерді суаруға өте қолайлы, оны да үнемдеп қолдануға болады. |
| **Серуен** | **№ 1 картотекасы. Бақылау: Ауа райындағы өзгерістерді бақылау,** қарды бақылау.<br>Еңбек: Ауласыпырушының еңбегін бақылау, оларға көмектесу.<br>Жеке жұмыс: Жұрттың бәрі оны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді.<br>Қимылды ойын: «Алдар көсе»<br>Мақсаты: Ойын арқылы ұлттық сана – сезімін қалыптастыру.<br>Өзіндік іс – әрекет: Ауласыпырушыға колдарынан келгенше көмектесу. | **№ 2 серуен картотекасы. Бақылау: Ауа райындағы өзгерістерді бақылау, қарды бақылау.**<br>Еңбек: Ауласыпырушының еңбегін бақылау, оларға көмектесу.<br>Жеке жұмыс: Жұрттың бәрі оны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді.<br>Қимылды ойын: «Алдар көсе»<br>Мақсаты: Ойын арқылы ұлттық сана – сезімін қалыптастыру. Өзіндік іс – әрекет: Ауласыпырушыға қолдарынан келгенше көмектесу. | **№ 3 серуен картотекасы. Бақылау: Жауған қарды алақандарына салып бақылау (түсі, пішіні, қатты, жұмсақ)**<br>Еңбек: Ауласыпырушының еңбегіне араласу, сыпыруға көмектесу.<br>Жеке жұмыс: Санамақтар айту.<br>Жаттау жаттату:<br>Аппақ көше, бар дала<br>Аппақ ой мен қыраттар<br>Ақ шатырлы қар қала<br>Ақ жамылып тұр бақтар<br>Қимылды ойын: «Күн мен түн», шана тебу<br>Өзіндік іс – әрекет: Балаларды шапшаңдыққа баулу | **№ 4 серуен картотекасы: Бақылау: Қыстап қалған құстарды бақылау**<br>(қара қарға, сауысқан, торғай, ұзақ қарға, көгершін)<br>Еңбек: Құстарға жем шашу, қамқорлыққа алу.<br>Жеке жұмыс:<br>Тікен – тікен тік пісте<br>Қысы – жазы бір түсте<br>(Шырша)<br>Қимылды ойын: «Аю мен құлпынай», «Өз үйіңді тап»<br>Өзіндік іс – әрекет: Балаларды зейінді болуға үйрету. | **«Қауіпсіздік сабағы»**<br>№ 6 САБАҚ. «ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР»<br>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды үйдегі қауіпті<br>заттарды тануға және жазатайым оқиғалар мен улануды болдырмау үшін дұрыс<br>әрекет етуге үйрету.<br>Міндеттері:<br>Балаларды үйдегі әртүрлі қауіпті заттармен (дәрілер, тұрмыстық химия, газ баллондары) таныстыру.<br>Балаларға бұл заттардың неге қауіпті екенін және тәртіпсіздіктің салдары қандай болатынын түсіндіру.<br>Балаларды қауіпті заттардыңжанында қауіпсіздік ережелеріне үйрету.<br>Материалдармен ресурстар: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Қауіпті заттардың суреттері немесе иллюстрациялары (дәрілер, тұрмыстық химия, газ баллондары).<br>Әртүрліжағдайлар бейнеленген карточкалар.<br>Ұйымдастырылғаніс-әрекет:<br>Балаларды қарсы алу.<br>Педагог балаларды қарсы алып, бүгін олар үйде қандай заттар қауіпті болуы мүмкін екенін және олардыңжанында қалай дұрыс әрекет ету керектігін түсіндіру.<br>Үйде қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығы туралы түсінік беру.<br>Үйдегі қауіпті заттар туралы әңгіме:<br>Дәрі-дәрмектер:<br>Дәрі-дәрмектерді тек ересектердің нұсқауымен қабылдау керек екенін түсіндіру.<br>Дәрілерді ешқашан өздігінен алмау және тіпті олар кәмпитке ұқсаса дадәмін көрмеу.<br>Тұрмыстық химия:<br>Жуу құралдары, ағартқыштар, тазалау құралдары және басқа тұрмыстық химикаттар өте қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру.<br>Ешқашан тұрмыстық химияны ересек адамдарсыз ашып, қолданбау.<br>Газ баллондары:<br>Газ баллондары (мысалы, аэрозольдер) дұрыс қолданылмаса, қауіпті болуы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мүмкін екенін түсіндіру. Баллондармен ойнамау және оларды әсіресе жабық орындардашашпау. Сюжеттік-рольдік ойындар: Балаларды топтарға бөліп, қуыршақтар немесе ойыншықтар тарату. Жағдайларды сахналау: бала дәрілерді, тұрмыстық химияны немесе газ баллонын тауып алады. Әр жағдайдағы тәртіп, қауіпсіздік ережесін талқылау. Ережелерді қайталау: |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен алған әсерімен бөлісу. | Ретімен шешіну. Отбасы туралы мақалдарды жаттау | Серуен туралы эмоционалды жауап (Не көбірек есте қалды?) | Киім заттары туралы жұмбақтарды шешу. | Серуеннен алған әсерімен бөлісу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ғ,Қ дыбыстарымен жұмыс | Дыбыстармен жұмыс | Апта күндері туралы түсінік беру | Жыл мезгілдері туралы түсінік беру | 1-10ға дейінгі сандармен жұмыс |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)*** | **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** «Түлкі мен қоян» Мақсаты: Балаларды жылдамдық пен ептілікке үйрету. Құралдар: Жердегі сызық немесе белгіленген орын. Ережелер:<br>• Балалар екі топқа бөлінеді: біреуі түлкі, екіншісі қоян болады.<br>• Түлкі мен қоян белгіленген сызық бойында жүреді. Түлкі қоянды қуып жетіп, ұстап алуы керек.<br>• Қоян түлкіден қашып, өз сызығынан өтіп кетпеуі керек. Ойын сынып ішінде орындалады. | **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** «Қазақша күрес» Мақсаты: Балалардың денесін шынықтырып, күш-жігерін арттыру. Құралдар: Жұмсақ кілем немесе кішігірім төсеніш. Ережелер:<br>• Балалар жұпқа бөлініп, бір-бірімен «қазақша күрес» ойнайды. Ойынның мақсаты — қарсыласты төселген кілемге немесе жерге құлату.<br>• Балалар бір-біріне ешқандай жарақат келтірмей, тек жеңіл әрі қауіпсіз қозғалыстар жасайды. | **Түс өзгерту эксперименті (Түстердің әсері)** Мақсаты: Түстердің әсерін зерттеу.<br>Құралдар:<br>• Ақ қағаз<br>• Түрлі түсті су (пластик бөтелкелермен немесе шыны ыдыстармен).<br>• Сұйық бояу немесе түсті сұйықтықтар<br>Жаттығу:<br>1. Балаларға бірнеше сұйық түсті (қызыл, көк, жасыл, сары) сұйықтықтарды көрсету.<br>2. Әр түрлі түстердің суы әртүрлі сипаттарға ие екенін айту (мысалы, қызыл су жылу сияқты, көк су салқын сияқты). | **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** «Арқан тартыс» (Сынып ішінде) Мақсаты: Балалардың күшін тексеріп, командалық рухты дамыту. Құралдар: Ұзын арқан немесе жіп. Ережелер:<br>• Балалар екі топқа бөлінеді.<br>• Топтар өздері тартып тұрған арқанның белгілеген сызықтан өтуіне жол бермей, қарсыластарын сызықтың арғы жағына тартуы керек.<br>• Балалар | **Құмдағы іздер эксперименті** Мақсаты: Құмның қасиеттерін зерттеу, іздер қалдыруды үйрету.<br>Құралдар:<br>• Таза құм<br>• Жұмсақ қылқалам немесе таяқша<br>Жаттығу:<br>1. Балалар құмға әртүрлі құралдармен іздер қалдырып көреді (қолмен, таяқшамен, қылқаламмен).<br>2. Қандай іздер басқалардан ерекше екендігін бақылау (жіңішке немесе кең, терең немесе жеңіл).<br>3. Балаларға құмның бетінде әртүрлі іздер қалдырудың нәтижелерін салыстыруға мүмкіндік беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 3. Балаларға әртүрлі түстерді араластырып көріп, қандай түстер шығады екендігін бақылауға мүмкіндік беру. | сыныптың ішінде қауіпсіз түрде орын ауыстыра алады. | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **«Өнегелі 15 минут»** Отбасында қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес | **«Өнегелі 15 минут»** Мектпете қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес | **«Өнегелі 15 минут»** Отбасында қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес | **«Өнегелі 15 минут»** Мектпете қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес | **«Өнегелі 15 минут»** Келген балалардың ата-аналарымен үй режимін сақтау туралы әңгімелесу |